

ТАЛДАУ АНЫҚТАМАСЫ

Жамбыл облысы әкімдігі білім басқармасының «Абай атындағы Жамбыл гуманитарлық жоғары колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері туралы

Тараз қаласы

27.04. 2026 жыл

Жамбыл облысы әкімдігі білім басқармасының «Абай атындағы Жамбыл гуманитарлық жоғары колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнында (бұдан әрі – Колледж) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау үшін, ішкі талдау жүргізу мақсатында, оқу орнының директорының 01.04.2026 жылдың №55-01Ө бұйрығымен жұмыс тобы құрылып оның бағыттары айқындалып, нақты объектілері белгіленді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2023 жылғы 16 қаңтардағы №21 бұйрығымен бекітілген «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына» сәйкес жүргізілді.

Жұмыс тобы жетекшісі: Абжапарова Б.К.- директордың ғылыми және оқу-әдістемелік жөніндегі орынбасары

Жұмыс тобының құрамы: экономист-Исмаилова Ж.К., кәсіподақ ұйымының жетекшісі-Ахметова А.А., «Дельфин БПҰ төрағасының орынбасары-Мураталиев А.С., комплаенс офицері қызметін атқарушы- Аманов Ж.А.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау 2026 жылдың 08 сәуір мен 18 сәуір күндері аралығында жүргізілді.

Ішкі талдаумен 2025 жылдың 17 маусым айы мен 2026 жылдың 31 наурыз аралығы қамтылды.

- кадр бөлімі, жұмысқа қабылдау және шығару барысын бақылау мен қадағалау бойынша (2025 жылдың 17 маусым айы мен 2026 жылдың 31 наурыз аралығы);

- мемлекеттік қызмет көрсету бойынша (2025 жылдың 17 маусым айы мен 2026 жылдың 31 наурыз аралығы);

- мемлекеттік сатып алуды жүргізу қызметі бойынша (2025 жылдың 17 маусым айы мен 2026 жылдың 31 наурыз аралығы);

- есеп бөлімі бойынша (2025 жылдың 17 маусым айы мен 2026 жылдың 31 наурыз аралығы);

- оқу бөлімі жұмыстары (2025-2026 оқу жылы аралығының I жартыжылдығы)

Сипаттама бөлігі:

Персоналды басқару, соның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдардың тізбесін айқындау

Сыбайлас жемқорлыққа шалдыққан лауазымдар тізбесі:

Қызметкерлердің штат кестесі бойынша колледжде барлығы 254 бірлік қарастырылған. Оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдығуына ықтимал лауазымдар саны 12-ні құрайды.

Персоналды басқару бөлімінің негізгі мақсаты-колледжді білікті оқытушылармен және мамандармен қамту.

1. Кадр бөлімі (жұмысқа қабылдау және шығару барысын бақылау мен қадағалау) бойынша

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау-сыбайлас жемқорлық және құқықбұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және зерделеу мақсатында 17.06.25-31.04.2026ж. аралығында кадр бөлімінің құжаттарына тексеру жұмыстар жүргізілді. Атап айтсақ, қызметкерлер мен оқытушылардың жеке құрамының бұйрықтары, өндірістік бұйрықтар, іс-қағаздар, еңбек кітапшалары, ваканттық орындарды жариялау тәртібі, кадрларды жұмысқа қабылдау бойынша жүргізілетін конкурстық комиссия хаттамалары.

Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының «Абай атындағы Жамбыл гуманитарлық жоғары колледжі» МКҚК-ның директоры Есеев Саясат Керимбекович, лауазымға Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының шешімімен 03.09.2024жылы №242 Ж/Қ-Қ бұйрығымен тағайындалды.

Штаттық кестеге сәйкес 2026 жылғы жағдай бойынша қызметкерлердің жалпы саны 258 құрайды, оның ішінде әкімшілікте 27, педагогтер - 217 (188 оқытушы, 29 қоса атқарушы педагогтер), әкімшілік-шаруашылық бөлімнен 41. Жоғары санатты-6, Педагог-шебер -4, Педагог-зерттеуші -30, Бірінші санат - 5, Педагог-сарапшы-43, Екінші санат -4, Педагог-модератор-59, Жалпы -66, магистрлер-25, бұл 69,5% сапалы көрсеткішті құрайды. Зейнеткер жасындағы қызметкер 14.

Педагогтардың құқықтары мен міндеттері қызметтік нұсқаулықтың еңбек шартында айқындалған. Лауазымдық нұсқаулық колледждің штаттық кестесіне сәйкес барлық іс-шаралар түрлері бойынша жасалған және бекітілген. Оқытушылардың біліктілік талаптары, міндеттері, құқықтары еңбек шартының нұсқаулығында нақты жазылған. Жұмысқа қабылдау кезінде қызметкерлер қызметтік нұсқаулық, ұжымдық шарт, колледждің ішкі еңбек ережелерімен танысып, қол қояды.

Жұмысқа қабылдау тәртібі толық сақталады. Педагогтерді қабылдау

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі 2025 жылғы 31 наурыздағы № 96 мен Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрі 2025 жылғы 31 наурыздағы № 57 Бірлескен бұйрық негізінде жүзеге асырылады. Жұмысқа қабылдау, қызметтік өсу, еңбек шартын бұзу, марапаттау, тәртіптік жазалар және т.б. бойынша ағымдағы процедуралар кадр қызметі қызметкерлеріне Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі, қызметкерлер туралы ереже, нұсқаулық құжаттар мен басшының актілеріне сәйкес жүктелеген.

01.07.2025.-01.04.2026ж. аралығында 16 адам жұмысқа қабылданып, 16 қызметкерлермен өз бастамалары бойынша еңбек шарты бұзылған. 20-бала күтімі бойынша демалыста 29-қоса атқарушы. Теріс себептермен жұмыстан шығарылған қызметкерлер болмаған.

ҚР Еңбек кодексінің 23-бабымен Жұмыс берушінің негізгі құқықтары мен міндеттері айқындалған. Аталған баптың 2-тармағы 3) тармақшасында жұмысқа қабылдау кезінде осы Кодекстің 32-бабына сәйкес еңбек шартын жасасу үшін қажетті құжаттарды талап етуге міндетті. ҚР Еңбек кодексінің 32-бабының 4-тармағына сәйкес (Жұмыскер қоса атқаратын жұмыс туралы еңбек шартын басқа жұмыс берушімен жасасу үшін негізгі жұмыс орны бойынша еңбектің сипаты мен шарттары (жұмыс орны, лауазымы, еңбек жағдайлары) туралы анықтама ұсынады.) Нәтижесінде Кәсіпорын тарапынан ҚР Еңбек кодексінің аталған

нормалары сақталмай негізгі жұмыс орнынан бөлек осы Кәсіпорында қоса жұмыс атқаратын қызметшілермен еңбек шарттары жасалынбаған.

Персоналды басқаруды ұйымдастыру және жүзеге асыру кезіндегі тәуекелдер:

Кәсіпорында қоса жұмыс атқаратын қызметшілермен еңбек шарттары жасалынбауы еңбек қатынастарының құқықтық реттелмеуіне, қызметкерлердің әлеуметтік және еңбек құқықтарының шектелуіне, сондай-ақ жұмыс беруші үшін құқықтық тәуекелдердің туындауына әкелуі мүмкін.

Персоналды басқаруды ұйымдастыру және жүзеге асыру кезіндегі тәуекелдерді жою бойынша ұсынымдар:

- Колледждегі барлық қоса жұмыс атқаратын қызметкерлермен жазбаша еңбек шарттарын жасасу;
- Еңбек шарттарында жұмыс уақыты, еңбек ақысы, міндеттері мен құқықтары нақты көрсетілуін қамтамасыз ету.

Мүдделер қақтығысын реттеу.

Персоналды басқару, соның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдардың тізбесін айқындау бағыты бойынша мүдделер қақтығысының болу фактілері анықталған жоқ. Ұжым тұрақты жұмыс істейді, сыбайлас жемқорлыққа қатысты қабылданған құқық бұзушылықтар анықталған жоқ.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету сапасының мониторингі

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарындағы тәрбиеленушілер мен білім алушылардың жекелеген санаттағы азаматтарына, сондай-ақ, қорғаншылық (қамқоршылықтағы) пен патронаттағы тұлғаларына тегін тамақтандыруды ұсыну

«Абай атындағы Жамбыл гуманитарлық жоғары колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнына студенттері мен олардың ата-аналарынан түскен өтініштерін қарау туралы Жамбыл облысы әкімдігінің «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарындағы тәрбиеленушілер мен білім алушылардың жекелеген санаттағы азаматтарына, сондай-ақ, қорғаншылық (қамқоршылықтағы) пен патронаттағы тұлғаларына тегін тамақтандыруды ұсыну» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы №320 қаулысына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету қағидасына «Абай атындағы Жамбыл гуманитарлық жоғары колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны студенттері мен олардың ата-аналарынан түскен өтініштерін қарап комиссия құрылған. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Жалпы білім беретін оқу орындарындағы білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну» туралы 2015 жылғы 13 сәуірдегі № 198 бұйрығының 6-шы қосымшасына және Жамбыл облысы әкімдігінің «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарындағы тәрбиеленушілер мен білім алушылардың жекелеген санаттағы азаматтарына, сондай-ақ, қорғаншылық (қамқоршылықтағы) пен патронаттағы тұлғаларына тегін тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидаларының 1 тармағына сәйкес колледж студенттері мен олардың ата-

аналарынан түскен өтініштерін қарап, шешім шығаруға комиссия мүшелері бекітілген.

2025 оқу жылында тегін тамақтандыруға ұсыну комиссиясының құрамына Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары М.Б.Нуралиева, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Б.Сатыбалдиева, директордың кәсіптік оқыту жөніндегі орынбасары Ж.А. Аманов, колледж бас есепшісі Н.Е.Қасымова, колледж оқытушысы Ғ.М.Шәлібекова, колледж медбикесі А.К.Естаева, хатшы (әлеуметтік педагог) Г.Е.Абильдаева кірді. Колледжде ыстық тамаққа 2025 жылдың қаңтар-желтоқсан айлары аралығында төмендегі кестеге сәйкес білім алушылар ұсынылған:

| Статус | қаңтар | ақпан | наурыз | сәуір | мамыр | маусым | шілде | тамыз | қыркүйек | Қазан | қараша | желтоқсан | Барлығы |
|-----------------|--------|-------|--------|-------|-------|--------|-------|-------|----------|-------|--------|-----------|------------|
| Көп балалы | 16 | 2 | 5 | 1 | - | - | - | - | 367 | 12 | 11 | - | 414 |
| Аз қамтылған | 4 | 1 | 1 | - | - | - | - | - | 60 | 5 | 2 | - | 73 |
| Мугедектігі бар | - | 1 | - | 1 | - | - | - | - | 14 | 3 | 1 | - | 20 |
| Жетім | - | 1 | - | - | - | - | - | - | 12 | - | - | - | 13 |

Техникалық және кәсіптік орта білімнен кейінгі білім алушыларға академиялық демалыс беру

«Техникалық және кәсіптік орта, білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушыларға академиялық демалыс беру» - 6 студент (2025 жылғы қаңтар-желтоқсан айлары аралығы) академиялық демалысқа шықты.

Техникалық және кәсіптік білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру

«Техникалық және кәсіптік білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру қызмет түрі бойынша – 51 қызмет көрсетілді. (2025 жылғы қаңтар-желтоқсан айлары аралығы).

Техникалық және кәсіптік орта білімнен кейінгі білім алуды аяқтамаған адамдарға анықтама беру

Техникалық және кәсіптік орта білімнен кейінгі білім алуды аяқтамаған адамдарға анықтама беру – 5 анықтама берілді (2025 жылғы қаңтар-желтоқсан айлары аралығы).

Білім алушыларды білім беру ұйымдарының түрі бойынша ауыстыру және қайта қабылдау

Мемлекеттік қызметтің бұл түрі «Білім алушыларды білім беру ұйымдарының түрлері бойынша ауыстыру және қайта қабылдау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі 2015 жылғы 25 қаңтардағы №19 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы №218 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады.

- өз еркімен басқа колледжге – 39 студент

- мектепке оралу – 18

- ҚР басқа колледждерінен бос орындарға ауыстыру арқылы қабылданды – 8 студент қабылданды

- ақылы оқудан мемлекеттік тапсырыс бойынша оқуға ауыстырылғандар – 2 студент

- мамандықтан мамандыққа ауыстырылғандар – 4 студент (2025 жылғы қаңтар-желтоқсан айлары аралығы).

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау

Абай атындағы Жамбыл гуманитарлық жоғары колледжіне 2025 жылдың 25 маусымынан бастап талапкерлерден өтініштер қабылдау басталды. Талапкерлерден өтініштерді қабылдау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 18 қазандағы №578 бұйрығымен бекітілген Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары негізінде жүзеге асырылды.

Колледжде оқуға тұлғалардың өтініштерін қабылдау, әңгімелесуді өткізу, білім алушылар құрамына қабылдау үшін басшының бұйрығымен тақ саннан тұратын қабылдау комиссиясы құрылды. Қабылдау комиссиясының құрамына қоғамдық ұйымдардың және білім беру ұйымдарының өкілдері кірді. Комиссия мүшелерінің ішінен жауапты хатшы және техникалық хатшылар тағайындалды.

01120100 Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, 01140100 Бастауыш білім беру педагогикасы мен әдістемесі, 01140200 Музыкалық білім беру, 01140600 Негізгі орта білім берудегі тіл мен әдебиетті оқытудың педагогикасы мен әдістемесі, 02140100 Сәндік қолданбалы және халықтық кәсіпшілік өнері (бейін бойынша), 02150100 Аспаптық орындау (аспап түрлері бойынша), 02150300 Вокалдық өнер, 02150500 Актерлік өнер, 02150700 Хореографиялық өнері мамандықтары бойынша талапкерлерден өтініштер қабылданды.

Оқудың күндізгі нысанына: мемлекеттік тапсырыс бойынша негізгі орта білім базасында шығармашылық дайындықты талап ететін мамандықтар бойынша күнтізбелік жылдың Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің № 3-06-4/4850-И от 19.07.2025 жылғы хатына сәйкес 25 маусымы мен 27 шілдесі аралығында, педагогикалық мамандықтар бойынша Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 3 шілдедегі № 153 бұйрығы негізінде күнтізбелік жылдың 25 маусымы мен 22 тамызы аралығында жүзеге асырылды. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін талапкерлер SmartNation порталы арқылы және оқу орнына қағаз түрінде өтініштерін берді. «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына сәйкес құжаттар топтамасын ұсынды. Конкурсқа қатысу үшін талапкерлердің төрт колледжде, төрт мамандыққа дейін таңдау құқығына ие болды.

Білім беру ұйымдарында педагогикалық және арнайы шығармашылық дайындықты талап ететін мамандықтар бойынша арнайы және немесе шығармашылық емтихандар өткізу үшін емтихан комиссиясы құрылды. Емтихан комиссиясының құрамына білім беру ұйымдарының, әлеуметтік әріптестердің, қоғамдық ұйымдардың өкілдері кірді. Емтихан комиссия мүшелерінің көп дауысымен комиссия төрағасы тағайындалды.

Жалпы өтініш білдірген талапкерлер саны (негізгі орта білім – 9 сынып негізінде): 393 үміткер. Колледжге қабылданған талапкерлер саны: 298 студент оның ішінде өнер мамандықтары 74, Педагогикалық мамандықтары 224.

Жетімдер саны 3 студент. I, II топтағы мүгедектер, бала кезінен мүгедектер, мүгедек балалар қатарындағы азаматтар саны 1 студент.

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында педагог қызметкерлері мен оларға теңестірілген тұлғаларға біліктілік санаттарын беру (растау) үшін аттестаттаудан өткізуге құжаттар қабылдау»

Аттестаттау нәтижесі бойынша 2025 жылы педагог-зерттеуші-1, педагог-сарапшы-3, педагог-модератор-18 санатына ие болды.

Биылғы 2025-2026 оқу жылында колледжде барлығы 188 педагог қызмет атқарады, оның 4-і педагог-шебер, 27-сі педагог-зерттеуші, 40- педагог-сарапшы, 35- і педагог-модератор.

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын республикалық ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарының педагогтеріне біліктілік санаттарын беру (растау) үшін аттестаттаудан өткізуге құжаттарды қабылдау» бойынша 2025 жылдың қыркүйек айының басында барлығы 42 педагогтің өтініші қабылданды. Оның ішінде «педагог-шебер»- 1, «педагог-зерттеуші»-16, «педагог-сарапшы»-6, «педагог-модератор»-19 біліктілік санатын алуға/растауға өтініштерін берді.

Мемлекеттік қызмет көрсетуді ұйымдастыру жұмысында қызмет көрсету тәртібі туралы ақпараттың қолжетімсіздігі, қосымша "міндетті емес" анықтамалар талап ету арқылы кедергі жасау орын алмаған, ешқандай арыз-шағым түспеген.

3. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және жүзеге асыру

Колледж мемлекеттік сатып алу порталында Тапсырыс беруші және Өнім беруші болып тіркелген.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңға сәйкес 2025 маусым айынан 2026 жылдың мамыр айына дейін Тапсырыс беруші рөлі ретінде :

1. Баға ұсынысын сұрату тәсілімен – 122 келісім шарт жасалынып – 76 218 342 т сатып алу жүргізілген.

2. Тікелей шарт тұжырымы бір дереккөздерден – 46 келісім шарт жасалынып – 55 349 842 т сатып алу жүргізілді (коммуналдық қызметтер, мемлекеттік сатып алу порталының абоненттік төлемі, диплом бланкілері, оқытушылардың курстары)

3. Өткізілмеген сатып алу бойынша бір көзден сатып алу – 26 келісім шарт жасалынып – 8 377 286 т сатып алу жүргізілген.

4. Электронды дүкен – келісім шарт жасалынбаған.

5. Ашық конкурс – 3 келісім шарт – 2 393 428 т сатып алу жүргізілген.

Келісім шарттар заңнамада белгіленген мерзімде жасалды, шарттардың орындалуы мемлекеттік сатып алу туралы жасалған шарттарда жазылған мерзімдерге сәйкес қатаң бақыланды.

Өнім берушілер тарапынан шартта көзделген мерзімдерден кешіктірілген әр бір күнге тұрақсыздық айыбын төлегендер болған.

4 келісім шарт бойынша Өнім берушілер келісім шартты көзделген өз міндеттемелерін орындамағандары үшін сотқа берілген.

2 келісім шарт бойынша Өнім берушілер келісім шарттың орындалуын қамтамасыз етуге төленетін қаржыны төлемені үшін келісім шарт бұзылған.

«Өнім беруші» ретінде "Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы" КММ Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша қызмет көрсету туралы келісім шарт негізінде - 6 келісім шарт, жалпы сомасы - 1 821 620 т шарт жасалынған.

Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру талдау барысында 2025 жылы "Осеров А.Б" ЖШС, "Alina 2017" ЖШС және MEDUZA жеке кәсіпкерді мемлекеттік сатып алу шартында көзделген міндеттемелерін орындамағандығы және жосықсыз қатысушы деп тану бойынша сотқа жүгінген. Сот тарапынан шешім шыққан. Алайда, мемлекеттік сатып алу менеджері Джаксылыкова Шолпан Нуркасымовна ережеде көзделген уақыт аралығында мемлекеттік сатып алу порталына Ұсынудың 1,2-тармақтарына сәйкес жосықсыз қатысушылардың тізіліміне заңды күшіне енген сот шешімдері бойынша тиісті мәліметтерді енгізу және заңның бұзушылықтарына жол берген. Осыған орай жауапты адамдардың заңмен белгіленген тәртіптік жауапкершіліктерін қарастыруда қабылданған шаралардың нәтижелері бойынша мемлекеттік сатып алу менеджері Ш.Н.Джаксылыковаға 20.06.2025 жылы №148-02 Ж-К бұйрығымен ескерту түріндегі тәртіптік жаза қолданылған.

Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және жүзеге асыру кезіндегі тәуекелдер:

Жосықсыз қатысушы деп тану үшін сотқа жүгінгеннен кейін шешімнің заңды күшіне енгенін уақытында қадағаламау. Жеткізуші «жосықсыз қатысушы» тізіліміне уақытында енбейді

Мемлекеттік сатып алуды басқаруды ұйымдастыру және жүзеге асыру кезіндегі тәуекелдерді жою бойынша ұсынымдар::

Шешімнің заңды күшіне енгеннен кейін жосықсыз қатысушылар тізіліміне уақытында енгізу.

Сот органдарының ақпараттық жүйелері мен мемлекеттік сатып алу веб-порталын интеграциялау;

Сот шешімі заңды күшіне енген сәттен бастап мәліметтерді автоматты түрде тізілімге енгізу тетігін енгізу.

Есеп бөлімі

2025 жылы 024 бағдарламасымен шілде-желтоқсан айларында «Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында мамандар даярлау» бюджеттік 743215,0 мың теңге бөлінді, оның ішінде 015 жергілікті бюджет есебінен жалпы сипаттағы трансферттер (ТОХ) 639721,0 мың теңге бөлінді, барлығы толық игерілген.

2026 жылы 024 бағдарламасы, оның ішінде 015 Жергілікті бюджет есебінен 1891402,0 мың теңге жоспарланған. Аталған жылдың қаңтар-сәуір айларында 626403,0 бөлініп, игерілген. Кемшіліктермен ескертулер жоқ.

Абай атындағы Жамбыл гуманитарлық жоғары колледжі білім алушылар контингенті негізінде бөлінген жан басына шаққан нормативтік қаржыландыру әдісі бойынша қаржыландырады. Жыл басына қаржыландыру Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министірлігінің 2017 жылғы 27 қарашадағы №597 бұйрығына сәйкес жергілікті бюджет есебінен жүзеге асырылады. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінің 2017 жылғы 27 желтоқсанда №16137 тіркелген.

Білім берудің барлық деңгейлерін жан басына қаржыландыру стандартын есептеу кезеңде келесі жалпы көрсеткіштер қолданылады: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 30 желтоқсандағы №1193 қаулысымен негізгі лауазымдық жалақы, айлық есептік көрсеткіш. Колледж жыл сайын қаржы-шаруашылық қызметінің жоспарын жасайды.

Есеп бөлімі қаржылық басқару саясатын бекітілген ережелерге, қызметкерлердің лауазымдық міндеттеріне сәйкес жүргізеді. Өз кезеңінде бас есепші колледж директорына есеп береді.

Есепші колледж бюджетінің ағымдағы жоспарлауды жүзеге асырады, баға саясатын жүргізеді, кірістер мен шығыстардың сметасын әзірлейді, қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері туралы есептер жасайды және уәкілетті органға ұсынады, оқытушылар құрамының, әкімшілік, басқарушылық, оқу-әдістемелік және көмекші штат кестесінің жобасын әзірлеп басшылыққа бекітуге ұсынады. Жалпы қызмет көрсетуші персоналдарды назарға ұстайды.

Колледжде бухгалтерлік есеп «1С Кәсіпорын: 8.3 нұсқасы» автоматтандырылған тәсілмен жүзеге асырылады және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келеді. 1С жүйесінде құқықтар мен міндеттер бухгалтерлік есеп жұмысына қатысты қызметкерлердің санаттары бойынша бөлінеді, олар колледждің есеп саясатына сәйкес шаруашылық операцияларын көрсету үшін жалпы мәліметтер базасын және біріңғай хабарлама жүйесін қолданады.

Бухгалтерлік есепті және ішкі бақылауды ұйымдастыруды 3 адамнан тұратын есепшілер жүзеге асырады. Қағаз және электрондық жеткізгіштердегі алғашқы есеп құжаттарын колледж өз бетінше уәкілетті орган бекіткен нысандар бойынша әзірлейді. Бухгалтерлік есепке алуға қабылданған бастапқы құжаттарда қамтылған мәліметтер нысандары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілетті орган бекітетін есеп регистрлерінде жинақталады, жүйеленеді.

Активтер мен міндеттемелердің сақталуын қамтамасыз ету, сондай-ақ бухгалтерлік есеп деректері мен қаржылық есептіліктің сенімділігін қамтамасыз ету мақсатында кәсіпорын жыл сайын активтер мен міндеттемелердің жыл сайынғы түсетін түгендеуін жүргізеді. Қаржылық – экономикалық қызметте сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекеттер болдырмау жұмыстары бағыты

Бюджеттік жоспар орындалуы талдауы, қаржылық жоспарды бекітуі және орындалуы ҚР Бюджеттік Кодексі, Қаржылық қызмет ҚР заңнамасына сай жүзеге асады. Ұйымдағы есеп Халықаралық қаржылық есептілік стандартына, ҚР Салық кодексіне – «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы» Қазақстан Республикасының Заңы. Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы: ҚР заңы 2007 жылғы ақпанның 28-і №234-III. Заңы, Қазақстан Республикасында бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік жүйесін реттейді, бухгалтерлік есепті жүргізу мен қаржылық есептілікті жасаудың принциптерін, негізгі сапалық сипаттамалары мен ережелерін белгілейді. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2007 жылғы 23 мамырдағы №185 бұйрығымен бекітілген бухгалтерлік есеп шоттарының үлгі жоспары, ҚР Үкіметінің 2011 жылғы 14 қазандағы №1172 қаулысымен бекіткен «Бухгалтерлік есеп жүргізу туралы» қағидалары, Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының Абай атындағы Жамбыл гуманитарлық колледжі колледжі коммуналдық қазыналық кәсіпорнының есеп саясаты, «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті

төлемдер туралы » ҚР Кодексі (Салық қаулысымен Кодекске ҚР заңдарымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілді), бухгалтерлік есепті жүргізу және Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттары (ҚЕХС) бойынша қаржылық есептілікті жасау , бухгалтерлік есепті ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар, нұсқаулықтар және басқа да нормативтік актілермен жүргізіледі. Қаржылық жұмыс бойынша ескертулер анықталмады.

Есеп бөлімін талдау барысында Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрі 2022 жылғы 15 желтоқсандағы №497 Бұйрығына сәйкес білім алушыларға жазғы, қысқы демалыс кезінде қала сыртындағы елді мекенде тұратын білімгерлерге жолақысы төлену керек, 2025 жылдың қаңтарында Тараз қаласының маңындағы елді мекендердің қала құрамына қосылуына байланысты ақпан айында екі білімгерге жолақысы төленіп кеткен. Кіріс ордері арқылы артық төленген қаражат кері қайтырылды.

Есеп бөліміндегі ұйымдастыру және жүзеге асыру кезіндегі тәуекелдер:

- бақылаудың әлсіздігі
- адам факторы

Есеп бөліміндегі басқаруды ұйымдастыру және жүзеге асыру кезіндегі тәуекелдерді жою бойынша ұсынымдар:

Әр кезеңге жауапты тұлғаны бекіту:

- есептеуші
- тексеруші

Қызметтік нұсқаулыққа енгізу. Қателік болған жағдайда нақты жауаптыны анықтау

5. Оқу бөлімінің жұмыстары бойынша

Колледж педагогтерінің оқу жылына тарификациялық тізімін әзірлеу директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары М.Б.Нуралиеваға жүктелген. Педагогтердің педагогикалық жүктемелерін Пәндік-циклдік комиссия меңгерушілері бөліп, әр педагогпен және колледждің кәсіподақ төрайымының м.а. Г.Жолдасбаевамен келісіліп, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарына ұсынылды. Өз кезегінде директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары колледж педагогтерінің тарификациялық тізімін жасақтап, колледждің педагогикалық кеңесіне, колледж басшысына бекітуге ұсынды. Колледж педагогтері 9, 18 және 27 сағаттық апталық жүктемемен толық қамтылған. Өнер мамандықтарындағы ваканттық сағаттарға қосалқы оқытушылар жұмысқа қабылданып, ваканттық сағаттарға, уақытша жұмысқа шықпаған оқытушылардың педагогикалық жүктемелеріне (денсаулығына байланысты немесе декреттік демалысқа, іссапарға жіберілген, өз бастамасымен жұмыстан шыққан оқытушылардың орнына) колледждің негізгі және қосалқы оқытушыларына беру арқылы ауысым сағаттары оқу жылының басынан бастап ұйымдастырылады. Ваканттық сағаттар еңбекақы табеліне ваканттық сағаттар ретінде енгізіліп, нақты орындалған сағаттар ретінде төлемақыға ұсынылды. Ваканттық сағаттар келесі ПЦҚ жоспарланды: «Халық аспаптары» (Үрмелі аспап пәнінен), «Домбыра» (арнайы домбыра), «Музыкалық білім беру» (баян, дауыс қойылымы, фортепиано, дирижерлеу), «Жаратылыстану және информатика» (Математика-орыс топтарында, Химия- орыс топтарында), «Актерлік өнер» (Актер шеберлігі, Сахна тілі), «Хореография өнері» (факультатив пәндер кәсіби би), «Фортепиано»

(арнайы фортепиано, концертмейстерлік класс), «Сәндік-қолданбалы өнер» (Өндірістік оқыту-қыш, тері, ағаш, тоқыма), «Вокалдық өнер» (академиялық, эстрадалық, дәстүрлі ән салу әдістемесі), «Хор дирижері» (Хор партияларын парақтан оқу), «Шетел тілі» (Шетел (ағылшын) тілін оқыту әдістемесі). Жоғарыда аталған пәндік-циклдік комиссиялар бойынша мамандарға сұранысты жою мақсатында колледж өзінің әлеуметтік желідегі парақшаларында және enbek.kz сайтына бос орындар жайлы хабарлама беріліп отырды.

Бос орындарға мамандарды тарту бойынша колледж тарапынан үнемі бос орындарға конкурс жарияланып отырылды. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 31 наурыздағы № 57 және Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2025 жылғы 31 наурыздағы № 96 бірлескен бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымынан босату қағидаларына сәйкес бос немесе уақытша бос лауазымдарға мамандар қабылдау бойынша 2024-20225 оқу жылында 9 рет, 2025-2026 оқу жылында 3 рет конкурс жарияланған. Дегенмен Жамбыл облысында өнер мамандарына тапшылық үнемі орын алуына байланысты колледж өнер мектептері мен мекемелерінен мамандарды қосымша оқытушы ретінде тартуға мәжбүрлі.

2025 жылдың қараша айында Жамбыл облысы бойынша тексеру комиссиясы тарапынан ваканттық сағаттардың көп жоспарлануына қатысты түсініктеме талап етілген. Комиссия мүшесі А. Шаймерденовтің атына директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары М.Б.Нуралиева түсініктеме беріп, аталған колледж қызметкеріне алдағы уақытта ваканттық сағаттардың жоспарланбауының алдын алу шараларын ұйымдастыру ескертілген.

Колледжде аралық және қорытынды аттестаттау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығымен бекітілген (2020 жылғы 28 тамыздағы № 373 қосымшадағы өзгерістер) Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларына сәйкес өткізіледі.

Аралық және қорытынды аттестаттау кестелері колледждің оқу жұмыс жоспарына сәйкес құрастырылып, 2026 жылдың наурыз айында бекітуге ұсынылды. Аралық аттестаттау форматы мамандық бойынша пәндік-циклдік комиссия оқу жылының басында бекітілген аралық аттестаттау графигіне сәйкес айқындалды. Колледждің емтихан кестелеріне сәйкес тест жұмыстары SmartNation, ауызша және жазбаша емтихандар, бақылау, сынақ жұмыстары оқу кабинеттерінде өткізілді. 2025-2026 оқу жылының мамыр айында SmartNation.kz порталының келісім-шарт мерзімі аяқталуына байланысты тест жоспарланған модульдер бойынша емтихан қағаз форматта немесе ауызша емтихандарға ауыстырылып, тапсырту жоспарланды.

2025-2026 оқу жылының I жартыжылдығының қорытындысы бойынша аралық аттестаттауға күндізгі оқыту түрі бойынша жалпы 1064 білім алушы қатысты. Аралық аттестаттау қорытындысы: Жалпы үлгерім -99 %, Білім сапасы- 94% , орта ұпай -4,1. 2025-2026 оқу жылының I жартыжылдығында аралық аттестаттау тест форматында жоспарланған аралық аттестаттау емтихандары Smartnation платформасында, ауызша емтихандар арнайы пән кабинеттерінде

өткізілді. Емтихан қорытындысы бойынша жалпы үлгерім - 100%, білім сапасы - 93 %, орта ұпай -4,1.

Қорытынды аттестаттау комиссиялары 2025 жылдың 7 маусым-20 маусым аралығында 9 мамандық 13 біліктілік бойынша жұмыс жасады. Қорытынды аттестаттауға 203 білім алушылар жіберіліп, жалпы үлгерім -100%, білім сапасы – 99 %, орта ұпай -4,5 көрсетті. 2024-2025 жылдың қорытындысы бойынша қорытынды аттестаттау тапсырған 203 білім алушының 33-і "үздік" дипломға ұсынылды. Бұл жалпы бітіруші түлектердің 16,2 % құрайды.

2025-2026 оқу жылының жоспарына сәйкес, 19.12.2025-06.01.2026 жыл аралығында Студенттік Парламенттің “Саналы ұрпақ”сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру клубының ұйымдастыруымен “Жемқорлыққа жол жоқ”тақырыбымен “Таза сессия” сауалнама жұмыстары жүргізілді. Жалпы сауалнамаға 1065-студент қатысты. Сауалнама алу барысындағы жауаптар нәтижесі кестеде көрсетілді.

| № | Сауалнама сұрақтары | Ия | Жоқ | Жауап беруге қиналамын |
|----|--|------------|------------|------------------------|
| 1 | Колледждегі оқытушылардың сабақ беру деңгейі қанағаттандырады ма? | 1004-94.2% | 61-6% | 0 |
| 2 | Оқытушылардың мәселелерді пара арқылы шешуді ұсынған кездері болды ма? | 0 | 1065-100% | 0 |
| 3 | Өзіңіздің пара берген кезіңіз болды ма? | 0 | 1065-100% | 0 |
| 4 | Қандай оқу процесі барысында сыбайлас жемқорлық көрініс табады ма? | 21- 1.9 % | 1044-98.5% | 0 |
| 5 | Сіздің білуіңізше қай оқытушылар пара алады? (сауалнама анонимді екенін ұмытпаңыз) | 0 | 1065-100% | 0 |
| 6 | Колледж мұғалімдері жеке басының тапсырмаларын сізге жүктеген кездері болды ма? | 0 | 1050-99.2% | 15-1.41% |
| 7 | Сондай жағдай болған жағдайда, ол мұғалімдер кімдер? | 0 | 1065-100% | 0 |
| 8 | Топтарыңыз мейрамдарға, іс шараларға ақша жинайды ма? | 22-2.1% | 1003-94.1% | 40-3.76% |
| 9 | Топтарыңызда ақшалай фонд бар ма? | 0 | 1065-100% | 0 |
| 10 | Білім деңгейін көтеру, сыбайлас жемқорлықты болдырмау үшін қандай жұмыстар жүргізілуі керек? | 100- 9.4% | 515-48.3 % | 450-42.2% |

Оқу бөліміндегі ұйымдастыру және жүзеге асыру кезіндегі тәуекелдер:

Ваканттық сағаттардың жоспарланбауы оқу процесінің тұрақтылығына, білім сапасына тікелей әсері болуы

Оқу бөліміндегі басқаруды ұйымдастыру және жүзеге асыру кезіндегі тәуекелдерді жою бойынша ұсынымдар:






Оқу бөлімі мен кадр қызметіне нақты міндеттер жүктеу

Педагогтердің педагогикалық жүктемелеріне және білім алушылардың білім жетістіктерін бағалауға қатысты шағымдар түспеген. Педагогтердің педагогикалық жүктемелеріне және білім алушылардың білім жетістіктерін бағалауға қатысты шағымдар түспеген.

Қорытынды: Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау үшін жүргізілген ішкі талдау қорытындысы бойынша белгіленген объектілер өз жұмыстарын талапқа және заңға сәйкес атқарып отыр. Сыбайлас жемқорлық пен құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың болмағандығы анықталмады, сонымен қатар белгіленген объектілердің қызметкерлерінің ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа іс қимыл» туралы заңын білуі контрагенттермен өзара қарым-қатынас кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін тудырмайды

Тәуекелдерді жою бойынша ұсыныстар: Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу бойынша ұсынымдар: 1) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін арттыру. 2) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды және еңбек заңнамасын сақтау бойынша жұмысты жалғастыру. 3) Тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шараларды әзірлеу, белгіленген мерзімде мониторингті жүзеге асыру және іс-шараларды бақылау. 4) Білім беру ұйымының өз қызметінде басшылыққа алатын номенклатуралық құжаттары (ҚР заңдары, ҚР білім және ғылым министрлігінің ережелері, нұсқаулары, т.б.) сондай-ақ, білім мекемесінің жұмыстары бойынша нормативтік-құқықтық актілердің жаңарып отыруына байланысты, өзгерістерді өз уақытында ескеріп отыру.

Жұмыс тобының мүшелері:

- Абжапарова Б.К. 
- Исмаилова Ж.К. 
- Ахметова А.А. 
- Мураталиев А.С. 
- Аманов Ж.А. 

Таныстым:  
(мем.мекеме/ұйым басшысы, ФИО, қолы)